

**ТӨЛЕГЕН АЙБЕРГЕНОВ ӨЛЕҢДЕРІНДЕ ТУҒАН ЖЕР  
ТАҚЫРЫБЫ**

**А.Ахмедова,**  
*Қазақ тілі және  
әдебиеті бөлімі  
4-курс студенті*

**Н.Абдувалитов,**  
*ғылыми жетекші,  
доцент*

Төлеген Айбергенов – қазақ поэзиясын қуатты, әсерлі де әдемі, мәнді де мазмұнды өлеңдерімен биік белеске көтерген ақын. Ақын қазақ поэзиясын жаңа тақырып, жаңа идеялармен байтып қана қоймай, оның поэтикалық өрісін кеңейтіп, көркем образдар жасады. Бүгінгі де ақын шығармашылығы туралы баспасөз беттерінде пікірлер өте көп кездеседі. Ақын шығармашылығы жайлы пікірлерді оқи отырып, оның қазақ поэзиясындағы алар орны мен өзіндік мазмұнын мен пішін тапқанын байқау қиын емес. Мысалы, өз замандастарынан жазушы Әбіш Кекілбаев: “Төлеген, сөз жоқ, талант. Дара талант, сара талант ... Т.Айбергенов творчествосы – өлімді жеңіп шыққан өмір шаттығының жыры” десе, белгілі ғалым Е.Ысмайлов: “Төлегеннің жылы, тартымды лирикалық өлеңдері болашақ өрісін байқатқандай. Жастардың жалынды жігері, достық махаббаты, ізгі адамгершілік қасиеті оның лирикаларының негізгі идеялық мотиві” деп оның поэзиялық туындыларын аса жоғары бағалады.

Ақын қай тақырыпта жазса да, салғырт қарамаған, бар жан-тәнімен ақтарыла айтқан. Кішігірім дүниенің өзінен үлкен-үлкен ойлар түйіп, оны шын ақындық шеберлікпен, бейнелі тілмен, сезімтал жүрекпен бейнелей берген. Оның өлеңдерінің қайсысын алып қарасақ та, өмірдің алуан-алуан сырларымен қабысып жатқан нәзік лирика басым болып келеді.

Туған жер – Төлеген поэзиясының қайнар бұлағы. Туған ел мен жерге деген сүйіспеншілік – Төлеген лирикасының өн бойында жалғасып отыратын үзілмейтін желі. Ақынның шоқтығын биік көтеретін келелі де келісті арна – туған жер, туған ел, туған халқы алдындағы үлкен жауапкершілік, ар-ұждан, перзенттік парыз. Ақын туған елден алыста жүріп, туған өлкені, оның әрбір адамдарын, тау-тасын, қаласын да, даласын да аңсаумен, кеудесінде шөмен боп қатқан сағыныш толқындарын тебірене жырға қосады. Төлеген Айбергеновтің туған жер тақырыбындағы өлеңдерінің идеялық қуаты күшті, сыршылдығы мол, патриоттық сезімге толы. Өмірі қысқа, бірақ баршаға нұсқа ақын Төлеген Айбергенов өзінің туған жерінің бай екендігін, бұл өлкенің байлығы тұнып

# “O‘ZBEK ADABIYOTSHUNOSLIGINING DOLZARB MASALALARI” MAVZUSIDAGI XALQARO ILMIIY-AMALIY KONFERENSIYA MATERIALLARI

тұрғандығын жырға қосып, оның болашағынан үлкен үміт күтіп, «Кегейлі дәптерінен» деген өлеңінде былай дейді:

*Кегейлім жердің еркесі,  
Жас жаным толқып тұр менің,  
Бердақтың сүйген өлкесі,  
Әжнияз айтқан жыр ма едің?.*

*Шаттыққа толы шақтар ең  
Өткіздім сенде қыр бастым  
Сыбдырлап тұрған бақтармен  
Сыбырлап тұрып сырластым.*

Ақын қарақалпақ халқының қос ұлы Бердақ пен Әжниязды тілге тиек ете отырып, Кегейлі арқылы туған өлкесін, оның табиғатын өзгеше бір тілмен суреттейді. Жоғарыда айтып өткеніміздей, ақын туып өскен өлкесін, әсем табиғатын, көл дария байлықтарын, оның еңбек сүйгіш, мейірімді мәрт адамдарын өз өлеңдерінде өшпестей арқау етіп, бар ынтасымен жырлайды.

*Жанассаң жанда жаз қалар,  
Жарқырай түскен жарықтар.  
Қазылмай жатқан қазбалар,  
Жазылмай жатқан тарихтар – дейді ақын.*

Ақынның туған жерге деген махаббатын, оның табиғатын жанындай сүйгенін төмендегі өлең жолдарынан көруімізге болады.

*Күн бикеш көк жиектен құлап кеткен,  
Самал жел сыбырлайды құрақты өпкен.  
Сүңгітіп тереңіне жұлдыздарды,  
Сақырлап қайнап жатыр бұлақ біткен.  
Тосшы сен құлағыңды аңдай қалып,  
Барады кең дүние әнге айналып  
Нар қамыс суылдаса жер бауырлап,  
Бақалар тамсанады таңдай қағып.*

Бар-жоғы екі-ақ шумақтан тұратын өлең жолдарына назар аударсақ, ақын табиғатта болатын өзгерістерді ой мен сезімді ұштастыра отырып образды суреттер жасайды. Төлеген – образ жасауға шебер ақын. Өлең жолдарында назар аударсақ, ақын табиғат құбылстарына тіл біттіріп, жанды суретті көз алдымызға жайып салады.

Ойымызды нақтылай түсу үшін ақынның «Далада» атты өлеңіне көңіл бөлсек.

*Ну қамыс жарыса өскен шулап күліп,  
Қайтадан түргеледі сұлап тұрып  
Толқыны жардан құлап, аунап тұрып,*



# “O‘ZBEK ADABIYOTSHUNOSLIGINING DOLZARB MASALALARI” MAVZUSIDAGI XALQARO ILMIY-AMALIY KONFERENSIYA MATERIALLARI

*Сўнқылдап бўлақ жатыр сыр ақтарып – дейди, ақын.*

Жоғарыдағы өлең жолдарына мұқият мән берсек, ақын сөз немесе сөз тіркестеріне бірнеше рет қайталау арқылы өлеңнің экспрессивті-эмоционалды бояуын қалыңдата түседі. Мысалы, ақын бірде нар қамыс десе, бірде ну қамыс деп қолданғанын байқауымызға болады. Бұл ақынның сөз байлығының молдығы мен сөз қолданыстағы шеберлігін танытады. Немес, бўлақты бірде ақын сақырлап қайнап жатқан көрінісін суреттесе, бірде, сўнқылдап ағып жатқан көрінісін береді. Бірінші өлең жолдарында бўлақ әрдайым динамикалық қозғалыста болса, екінші өлең жолдарында жай ғана дыбыс шығарып ағып жатқан бўлақтың көрінісі шебер суреттейді.

Қорыта айтқанда, Төлеген шын мәніндегі шынайы талант иесі. Ақын өлеңдері тілге бай, сөзі құнарлы, сөзбен образ жасауда сөз өрнектерінен ұтымды қолдана алған, кең тынысты лирикасымен оқырман жүрегіне жылулық сыйлайтын, көңіліне жол табатын туындылар болып қала береді.

## **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Айбергенов.Т. Аруана – бауыр дүние. Алматы, «Атамұра», 2003. – 208 б.
2. Сыздық Р. Сөз құдіреті. Алматы, «Санат», 1997. – 179 б.
3. Omanova, M. (2024). IMPORTANCE OF VOICE IN EXPRESSIVE READING. *Galaxy International Interdisciplinary Research Journal*, 12(1), 125-128.
4. Omanova, M. (2024). NIZOMIY GANJAVIY MEROSINING ALISHER NAVOIY IJODIGA TA’SIRI. *Oriental renaissance: Innovative, educational, natural and social sciences*, 4(20), 24-27.
5. Kahramanov K. Naim Karimov Is a literary scholar, Scholar and critic. *Rivista Italiana di Filosofia Analitica Junior*. 2023, Vol 14. ISSN: 2037-4445.
6. Makhbuba Urazbayeva, Burkhanova Feruza, Pardayeva Nigora, Atabayeva Go`zal, Qodirova Mashhura. Issues of Distribution of Bear Image in Uzbek Novels. *Journal of Advanced Zoology*. 2023. 2184-2192 p.
7. Kalandarova D. “Issues of Uzbek Folklore and its Research in Germany”. *Journal of Positive School Psychology* 6.9 (2022): 4395-4398.
8. Omanova, M. A. (2020). Updating views on literary heroes and glory in the novels of the period of independence. *Novateur publications JournalNX-A Multidisciplinary Peer Reviewed Journal*, 6(10), 415-419.
9. Omanova, M. (2024). Bahouddin Naqshband to‘g‘risidagi ma‘lumotlar aks etgan asarlar. “O‘zbek adabiyotshunosligining dolzarb masalalari”. – Toshkent: 139-146.
10. Omanova, M. A. (2023). Perfect human interpretation in Alisher Navoy's creation. *Galaxy International Interdisciplinary Research Journal*, 11(1), 346-347.